

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі
2023 жылғы «22» ақпан

«БЕКІТІЛДІ»

Республикалық заң консультанттары
алқасының басқармасы
2023 жылғы «30» наурыз, № 1 хаттама

ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫНЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Заң консультанттарының біліктілігін арттыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) талаптарын іске асыру мақсатында әзірленді.

1.2. Заң консультанттарының біліктілігін арттыру Заңмен және осы Қағидалармен реттеледі.

1.3. Осы Қағидалар заң консультанттарының біліктілігін арттырудың мақсаттарын, қағидаттарын, нысандарын және бағалау жүйесін айқындайды.

2. ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫНЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ

2.1. Заң консультанттарының біліктілігін арттыру мақсаттары:

- заң көмегінің сапасын қамтамасыз ету;
- кәсіби білім мен практикалық дағдыларды жаңарту және кеңейту;
- жеке және цифрлық құзыреттілікті дамыту;
- құқық қолдану практикасының біркелкілігін қамтамасыз ету.

2.2. Заң консультанттарының біліктілігін арттыру тең қол жеткізу, міндеттілік, тұрақтылық, айқындық, ашықтық, тәуелсіздік және біліктілікті арттыру нысанын таңдау еркіндігі қағидаттарына негізделеді.

3. ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Заң консультанты:

- біліктілікті арттыру нысанын еркін таңдауға;
- осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес біліктілікті арттыру жүйесіне енгізілмеген біліктілікті арттыру жөніндегі іс-шараларға қатысу жөнінде жазбаша негіздемелер ұсынуға.

- біліктілікті арттыру туралы есепті мерзімінен бұрын тапсыруға құқылы.

3.2. Заң консультанты міндетті:

- заң мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесіне қарамастан, өз біліктілігін үнемі арттырып отыруға;;

- заң консультантының біліктілігін арттырудың осы қағидаларын адал сақтауға;

- осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Заң консультанттарының біліктілігін арттырудың жинақтау жүйесіне сәйкес кемінде 10 балл жинауға.

- осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес есептік кезеңнен кейінгі жылдың 15 ақпанына дейін біліктілікті арттыру туралы есепті Заң консультанттары палатасына тапсыруға міндетті.

Заң консультанттары палатасының жауапты тұлғасынан ескертулер келіп түскен жағдайда, түзетулер енгізуге және есепті осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келтіруге міндетті.

3.3. Заң консультанты біліктілікті арттыру бойынша ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына дербес жауапты болады.

4. ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫ ПАЛАТАСЫ

4.1. Заң консультанттарының қызметін ақпараттық, талдамалық, әдістемелік, консультациялық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

4.2. Заң консультанттарының біліктілігін арттыру туралы оқу орындарымен, ғалымдармен, оқытушылармен, сарапшылармен меморандумдар, келісімдер және шарттар жасасады.

4.3. Өңірлік тәжірибе алмасу бойынша бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру мақсатында Заң консультанттары палаталарымен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

4.4. Өз мүшелерінің біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз етеді және ұйымдастырады.

4.5. Біліктілікті арттыру бойынша есеп жүргізеді.

4.6. Біліктілікті арттыру жөніндегі есептерді қабылдау бойынша жауапты тұлғаны тағайындайды. Жауапты тұлға есептің осы Қағидаларға сәйкестігін тексереді, бірақ ұсынылған деректердің дұрыстығын тексермейді.

4.7. Заң консультанттарының біліктілігін арттыру бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижелерін жыл сайын жинақтайды және оларды есептік жылдан кейінгі жылдың 1 наурызынан кешіктірмей Республикалық заң консультанттары алқасына жібереді.

4.8. Заң көмегі саласын одан әрі жетілдіру және дамыту мақсатында біліктілікті арттыру бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлейді.

4.9. Біліктілікті тұрақты арттыру бойынша міндеттерін орындаудан жалтарған заң консультанттарына тәртіптік жауапкершілік шараларын қабылдайды.

5. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫ АЛҚАСЫ

5.1. Заң консультанттары палаталарының қызметін ақпараттық, талдамалық, әдістемелік, консультациялық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

5.2. Заң консультанттарының біліктілігін арттыру туралы мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, оқу орындарымен, ғалымдармен, оқытушылармен, сарапшылармен меморандумдар, келісімдер және шарттар жасасады.

5.3. Республикалық заң консультанттары алқасына кіретін Заң консультанттары палаталарының басқару органдары мүшелері мен басшыларының біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

5.4. Біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың нысандарын бекітеді.

5.5. Жыл сайын Заң консультанттары палаталарының біліктілікті арттыру жөніндегі жұмыс нәтижелерін қорытындылайды.

5.6. Біліктілікті арттыру нысандарының тиімділігінің мониторингін жүзеге асырады.

5.7. Заң көмегі саласын одан әрі жетілдіру және дамыту мақсатында біліктілікті арттыру бойынша ұсынымдар әзірлейді.

6. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ НЫСАНДАРЫ

6.1. Біліктілікті арттыру әр түрлі бағдарламаларды, курстар мен семинарларды қолдана отырып, соның ішінде қашықтықтан өткізіледі.

6.2. Заң консультанттарының біліктілігін арттыру жүйесі мынадай нысандарды қамтиды:

- қысқаша білім беру бағдарламалары (оқыту);
- заң практикасының өзекті мәселелері бойынша семинарларға, вебинарларға, тренингтерге, дәрістерге қатысу;
- семинарларда, конференцияларда, дөңгелек үстелдерде және басқа да іс-шараларда баяндама жасау;
- халықты құқықтық ағартуға қатысу;
- оқу орындарында, ЗКП және РЗКА жанындағы Біліктілікті арттыру курстарынан өту;
- құқықтық актілерді, оның ішінде Қазақстан Республикасы Заңдарының жобаларын дайындау жөніндегі жұмыс топтарына қатысу;
- елдің және шетелдің мамандандырылған мекемелері мен оқу орындарында тағылымдамадан өту;

- бейіндік институттар мен факультеттер базасындағы білім беру бағдарламалары (оқыту);
- ғылыми/академиялық дәреже алу (заң ғылымдарының кандидаты, заң ғылымдарының докторы, PhD докторы);
- монографиялар, оқулықтар және басқа да ғылыми еңбектерді жеке немесе бірлескен авторлықта жазу және басып шығару;
- БАҚ-та заң практикасының өзекті мәселелері бойынша мақалалар жариялау;
- БАҚ-та заң практикасының өзекті мәселелері бойынша сөз сөйлеу.

6.2. Біліктілікті арттыру нысандарының осы тізбесі түбегейлі болып табылмайды.

7. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

7.1. Заң консультанты өз біліктілігін жыл сайынғы негізде арттырады. Есептік жыл 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезең болып есептеледі.

7.2. Заң консультанты жылына кемінде 10 балл жинауы керек.

7.3. Біліктілікті арттыруды бағалаудың жинақтаушы жүйесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес заң консультантына біліктілікті арттыру жөніндегі іс-шараларға қатысқаны үшін берілетін балдардың санын бекітеді.

7.4. Жүктілігі және босануы бойынша, бала күтімі бойынша демалыстар салдарынан немесе қызметі тоқтатыла тұрған жағдайда кәсіптік қызметпен айналыспайтын заң консультанты біліктілігін арттырудан өту міндетінен босатылады. Тиісінше, күнтізбелік жылы жұмыс істеп тұрған заң консультанты мәртебесі қалпына келтірілген жағдайда біліктілікті арттыру міндеті келесі күнтізбелік жылдан бастап туындайды.

7.5. Заң консультантының біліктілікті арттыру жөніндегі іс-шараларға қатысуы құжат жүзінде электрондық немесе қағаз форматпен расталуға тиіс.

7.6. Заң консультантының біліктілікті арттыру жөніндегі міндеттерді орындауы туралы ақпарат заң консультанты Заң консультанттары палатасына ұсынатын жыл сайынғы есепте №1 қосымшаға сәйкес электрондық нысанда, біліктілігін арттыруды растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып көрсетіледі. Жыл сайынғы есеп есептік жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірілмей ұсынылуға тиіс.

8. БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

8.1. Заң консультанттарының біліктілігін арттыруды қаржыландыру көзі заң консультанттарының Заң консультанттары палаталарына және Республикалық заң консультанттары алқасына енгізілетін мүшелік жарналары болып табылады.

8.2. Біліктілікті арттыру жөніндегі іс-шараларға қатысқаны үшін қосымша ақы төлеу іс-шараны ұйымдастыруға қосымша шығыстар туындаған және сарапшыларды ақылы негізде тартқан жағдайларда белгіленуі мүмкін.

8.3. Заң консультанты Заң консультанттары палаталары немесе Республикалық заң консультанттары алқасы ұйымдастырмаған іс-шараларда біліктілігін арттырған жағдайда, мұндай іс-шараны қаржыландыруды заң консультанты өз қаражаты есебінен дербес жүзеге асырады.

9. ҚАҒИДАЛАРДЫ ОРЫНДАМАҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

9.1. Заң консультанты біліктілікті арттырудың белгіленген нормасын орындамаған жағдайда мынадай жауапкершілік шаралары қолданылады:

- біліктілікті арттырудың белгіленген нормасына қол жеткізу үшін бір ай мерзім беріле отырып, ескерту;
- біліктілікті арттырудың белгіленген нормасын орындау жөніндегі міндетті жүктей отырып, заң консультантының қызметін 3 ай мерзімге тоқтата тұру.

10. КҮШІНЕ ЕНУІ

10.1. Осы Қағидалар 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

10.2. Осы Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, өзгерістер мен толықтырулар қабылданған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап аталған өзгерістер мен толықтырулар күшіне енеді.

_____ жылғы заң консультантының біліктілігін арттыру туралы
ЕСЕП

Аты-жөні _____

_____ жылғы «__» _____ бастап _____

_____ мүшесі

Заң консультантының біліктілікті арттыру бойынша өткізген іс-шаралары:

№	Қатысу нысаны	Іс-шараның атауы	Ұйымдастырушының атауы	Балл саны
1				
2				
3				
4				
5				
6				
...				
Жалпы балл саны				

Заң консультантының қолы _____

Есепті толтыру күні 20__ жылғы «__» _____

Заң консультанттары палатасының жауапты адамы (Аты-жөні, қолы)

Есептің заң консультантының біліктілігін арттыру туралы қағидалардың талаптарына сәйкестігін және растайтын құжаттардың бар-жоғын тексергеннен кейін қол қойылады.

Есепті толтыру күні 20__ жылғы «__» _____

Заң консультанттары палатасының жауапты адамының есебіне комментариш.

Егер жауапты адам Қағидалармен сәйкессіздіктердің бар екенін көрсеткен жағдайда, бірақ заң консультанты ескертулермен келіспеген жағдайда толтырылады.

Есепке мыналар қоса беріледі:

- 1.
- 2.
- 3.
- ...

(мұнда көрсету керек және есепке іс-шара бағдарламасын, жиналған материалдардың тізбесін, іс-шараға қатысу фактісін растайтын құжаттарды және біліктілікті арттыру нәтижелерін, оның ішінде сертификаттың/дипломның/куәліктің көшірмелерін және т. б. қоса беру қажет.)

**Заң консультанттарының біліктілігін арттырудың жинақтаушы
жүйесі мыналарды қамтиды:**

№	Іс-шараның атауы	Баллдар
1	Қысқаша білім беру бағдарламалары (оқыту)	2
2	Заң практикасының өзекті мәселелеріне арналған семинарларға, вебинарларға, дәрістерге қатысу	2
3	Оқу орындарында ЗКП және РЗКА жанындағы Біліктілікті арттыру курстарынан өту	2
4	Семинарларда, конференцияларда және басқа да іс-шараларда баяндама жасау (лектор/ жаттықтырушы ретінде)	3
5	Елдегі және одан тыс жерлердегі мамандандырылған мекемелер мен оқу орындарында тағылымдамадан өту	2
6	Бейіндік институттар мен факультеттер базасындағы білім беру бағдарламалары (оқыту)	2
7	Заң консультантының арнаулы орта және жоғары білім беру мекемелерінде заң пәндері бойынша оқытушылық қызметті жүзеге асыруы	3
8	«Ph. D.D», «Заң ғылымдарының кандидаты», «Заң ғылымдарының докторы» ғылыми дәрежелерін беру	6
9	Құқықтық актілерді, оның ішінде Қазақстан Республикасы Заңдарының жобаларын дайындау жөніндегі жұмыс топтарына қатысу;	3
10	Монографиялар, оқулықтар және басқа да ғылыми еңбектерді жазу және басып шығару: - құқықтық ағарту қызметіне қатысу.	5
11	БАҚ-та Заң практикасының өзекті мәселелері бойынша мақалалар жариялау	1
12	Заң практикасының өзекті мәселелері бойынша БАҚ-та сөз сөйлеу.	1

*Заң консультантты жылына кемінде 10 балл жинауы керек.
Біліктілікті арттырудың көрсетілген нысандарының тізбесі түбегейлі
болып табылмайды. Заң консультанттары біліктілікті арттыру
нысандарын өздері таңдайды.*